Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті Төрағасының
2016 жылғы «31» наурыз №391
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік уииверситеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысына өзгерістер мен толықтырулар**

1. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2012 жылғы 20 тамыздағы № 804 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғысының (бұдан әрі – Жарғы) 2-бөлімі 10-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.».

2. Жарғының 3-бөлімінің 12-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Кәсіпорын қызметінің мәні техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру, ғылыми зерттеулер саласында қызметті жүзеге асыру, ғылыми қызметтің нәтижелерін коммерцияландыру болып табылады.».

3. Жарғының 4-бөлімінде:

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Кәсіпорынның органдары ректор мен байқау кеңесі болып табылады.

21. Ректорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 26-1- тармақпен толықтырылсын:

«26-1. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша

барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.».

4. Жарғы 4-бөлімнен кейін мынадай мазмұндағы 4-1-бөліммен толықтырылсын:

**«4-1. Байқау кеңесі бар Кәсіпорынды бақарудың ерекшеліктері»**

27-1. «Шаруашылық жүргізу құқығындағы кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға байқау кеңестерін енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 932 қаулысына сәйкес Кәсіпорынға кәсіпорын органы – байқау кеңесі енгізілді.

27-2. Байқау кеңестері құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға қойылатын критерийлерді мемлекеттік жоснарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

27-3. Байқау кеңесін құру қағидалары, байқау кеңестеріне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 113 бұйрығымен регламенттеледі.

27-4. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау қағидалары «Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министріиің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 115 бұйрығымен регламенттеледі.

27-5. Байқау кеңесі туралы ережені, Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібін тиісті саланың уәкілетті органы бекітеді.

27-6. Кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның

құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы найдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына ұсыныстар енгізеді;

5) Кәсіпорынның ректорын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде Кәсіпорын қызметкерлерінің, ректорының, оның проректорларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

27-7. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

27-8. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, тиісті саланың уәкілетті органының, байқау кеңесі мүшесінің немесе Кәсіпорын ректорының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

27-9. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер Кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

27-10. Кәсіпорынның байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда Кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

27-11. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.».

5. Жарғының 5-бөлімінің 28, 29, 30, 31-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«28. Кəсіпорын мемлекеттік, орыс жəне шет тілдерінде техникалық жəне кəсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі жəне қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады.

29. Кəсіпорында мамандарды даярлаудың əр түрлі мерзімдері мен деңгейлері бойынша техникалық жəне кəсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі жəне қосымша білім беру бағдарламалары іске асырылады.

30. Кəсіпорын қолданыстағы техникалық жəне кəсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі жəне қосымша білім беру мамандықтарының сыныптаушы мамандықтары бойынша білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензияларға сəйкес мамандарды даярлайды.

31. Кəсіпорын техникалық жəне кəсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі жəне қосымша білім беру бағдарламаларын үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сəйкес жүзеге асырады.

Кəсіпорын техникалық жəне кəсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін қамтамасыз етуді Кəсіпорын ақылы қызметтер көрсетуден алатын кірістер есебінен жүзеге асырады.».

6. Жарғының 10-бөлімінде:

70-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Кəсіпорынның даму жоспарын əзірлеу жəне бекіту тəртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уəкілетті орган айқындайды.»;

71-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«71. Кəсіпорынның таза табысыныц бір бөлігін аудару нормативін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уəкілетті орган белгілейді.».

7. Жарғының 11-бөлімі 75-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«75. Кəсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 1 500 577 070 (бір миллиард бес жүз миллион бес жүз жетпіс жеті мың жетпіс) теңгені құрайды.».

8. Жарғының 12-бөлімі мынадай мазмұндағы 77-1-тармақпен толықтырылсын:

«77-1. Кəсіпорын жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізуге міндетті.

Кəсіпорынның аудиті байқау кеңесінің, Кəсіпорын ректорының, тиісті саланың уəкілетті органының бастамасы бойынша Кəсіпорын қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.».

Ректор А.А. Орсариев ____________________

Утверждены
приказом Председателя
Комитета государственного
имущества и приватизации
Министерства финансов
Республики Казахстан
от «31» марта 2016 года
№391

**Изменения и дополнения**
**в устав Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Павлодарский государственный университет имени С.Торайгырова» Министерства образования и науки Республики Казахстан**

1. Абзац первый пункта 9 раздела 2 устава Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Павлодарский государственный университет имени С.Торайгырова» Министерства образования и науки Республики Казахстан, утвержденного приказом Председателя Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 20 августа 2012 года № 804 «Некоторые вопросы Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Павлодарский государственный университет имени С.Торайгырова» Министерства образования и науки Республики Казахстан» (далее – Устав), изложить в следующей редакции:

«9. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.».

2. Пункт 11 раздела 3 Устава изложить в следующей редакции:

«11. Предметом деятельности Предприятия является осуществление деятельности в области технического и профессионального, послесреднего, высшего, послевузовского и дополнительного образования, научных исследований, коммерциализация результатов научной деятельности.».

3. В разделе 4 Устава:

пункты 20 и 21 изложить в следующей редакции:

«20. Органами Предприятия являются ректор и наблюдательный совет.

21. Назначение ректора, проведение его аттестации, а также согласование его кандидатуры осуществляются в порядке, определяемом уполномоченным органом по государственному планированию.»;

дополнить пунктом 26-1 следующего содержания:

«26-1. В случаях признания Предприятия банкротом или применения реабилитационной процедуры и назначения временного либо банкротного или реабилитационного управляющего в порядке, установленном законодательным актом Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве, все полномочия по управлению им переходят соответственно к временному либо банкротному или реабилитационному управляющему.».

4. После раздела 4 Устав дополнить разделом 4-1 следующего содержания:

**«4-1 . Особенности управления Предприятием с наблюдательным советом»**

27-1. В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 20 ноября 2015 года № 932 «О введении наблюдательных советов в некоторые республиканские государственные предприятия на праве хозяйственного ведения» в Предприятие введен орган управления предприятием – наблюдательный совет.

27-2. Критерии, предъявляемые к государственным предприятиям на праве хозяйственного ведения, в которых создаются наблюдательные советы, утверждаются уполномоченным органом по государственному планированию.

27-3. Правила создания наблюдательного совета, требования, предъявляемые к лицам, избираемым в состав наблюдательного совета, а также правила конкурсного отбора членов наблюдательного совета и досрочного прекращения их полномочий регламеитируются приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 20 февраля 2015 года № 113 «Об утверждении Правил создания наблюдательного совета в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения, требований, предъявляемых к лицам, избираемым в состав наблюдательного совета, а также Правил конкурсного отбора членов наблюдательного совета и досрочного прекращения их полномочий».

27-4. Правила оценки деятельности членов наблюдательного совета и определения лимита выплаты вознаграждения членам наблюдательного совета регламентируются приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 20 февраля 2015 года № 115 «Об утверждении Правил оценки деятельности членов наблюдательного совета и определения лимита выплаты вознаграждения членам наблюдательного совета».

27-5. Положение о наблюдательном совете Предприятия, порядок созыва и проведения заседаний наблюдательного совета Предприятия утверждаются уполномоченным органом соответствующей отрасли.

27-6. Наблюдательный совет Предприятия имеет следующие полномочия:

1) дает заключение уполномоченному органу соответствующей отрасли по проекту плана развития Предприятия, по внесению изменений и дополнений в него;

2) согласовывает проект отчета о выполнении илана развития, предварительно утверждает годовую финансовую отчетность Предприятия;

3) принимает решение о распределении спонсорской и благотворительной помощи и средств, полученных из дополнительных источников, в том числе части чистого дохода, оставшегося в распоряжении Предприятия;

4) беспрепятственно знакомится с документацией Предприятия и его структурных подразделений для контроля целевого использования бюджетных средств и средств, полученных из дополнительных источников, и вносит предложения уполномоченному органу соответствующей отрасли для осуществления проверки целевого использования указанных средств;

5) согласовывает предложения уполномоченного органа соответствующей отрасли по вопросам назначения ректора Предприятия и расторжения трудового договора с ним;

6) участвует в разработке коллективного договора и принимает решения в части установления работникам, ректору Предприятия, его проректорам, главному бухгалтеру надбавок к должностным окладам, премирования и оказания материальной помощи из дополнительных финансовых источников в пределах средств, утвержденных планом развития;

7) назначает, определяет срок полномочий и размер заработной платы секретаря наблюдательного совета, досрочно прекращает его полномочия;

8) вносит предложения уполномоченному органу соответствующей отрасли о внесении изменений и дополнений в устав Предприятия;

9) вырабатывает предложения по приоритетным направлениям деятельности Предприятия;

10) вносит предложения уполномоченному органу соответствующей отрасли об участии Предприятия в других юридических лицах;

11) вносит предложения уполномоченному органу соответствующей отрасли по созданию и закрытию филиалов, представительств Предприятия.

27-7. Заседания наблюдательного совета Предприятия проводятся по мере необходимости, но не менее одного раза в квартал.

27-8. Заседание наблюдательного совета Предприятия может созываться его председателем но собственной инициативе, по требованию уполномоченного органа соответствующей отрасли, члена наблюдательного совета или ректора Предприятия.

27-9. Заседание наблюдательного совета Предприятия является правомочным, если все члены наблюдательного совета Предприятия извещены о времени и месте его проведения и на заседании присутствует более половины членов наблюдательного совета Предприятия. Передача членом наблюдательного совета Предприятия своего голоса другому члену наблюдательного совета или другому физическому лицу (по довереииости) не допускается.

27-10. Каждый член наблюдательного совета Предприятия имеет при голосовании один голос. В случае равенства голосов решающим является голос председателя наблюдательного совета Предприятия.

27-11. Решения наблюдательного совета оформляются в письменной форме и подписываются всеми членами наблюдательного совета.».

5. Пункты 28, 29, 30, 31 раздела 5 Устава изложить в следующей редакции:

«28. Предприятие реализует образовательные учебные программы технического и профессионального, послесреднего, высшего, послевузовского и дополнительного образования на государственном, русском и иностранных языках.

29. В Предприятии реализуются различные по срокам и уровню подготовки специалистов образовательные программы технического и профессионального, послесреднего, высшего, послевузовского и дополнительного образования.

30. Предприятие готовит специалистов в соответствии с имеющимися лицензиями на право ведения образовательной деятельности по специальностям действующего Классификатора специальностей технического и профессионального, послесреднего, высшего, послевузовского и дополнительного образования.

31. Предприятие реализует образовательные программы технического и профессионального, послесреднего, высшего, послевузовского и дополнительного образования в соответствии с типовыми учебными планами и программами.

Обеспечение учебного процесса по образовательным программам технического и профессионального, послесреднего образования осуществляется Предприятием за счет доходов, полученных Предприятием от реализации платных услуг.».

6. В разделе 10 Устава:

абзац второй пункта 70 изложить в следующей редакции:

«Порядок разработки и утверждения плана развития Предприятия определяется уполномоченным органом по государственному планированию.»;

абзац первый пункта 71 изложить в следующей редакции:

«71. Норматив отчисления части чистого дохода Предприятия устанавливается уполномоченным органом по государственному планированию.».

7. Абзац первый пункта 75 раздела 11 устава изложить в следующей редакции:

«75. Размер уставного капитала Предприятия составляет 1 500 577 070 (один миллиард пятьсот миллионов пятьсот семьдесят семь тысяч семьдесят) тенге.».

8. Раздел 12 Устава дополнить пунктом 77-1 следующего содержания:

«77-1. Предприятие обязано проводить аудит годовой финансовой отчетности.

Аудит Предприятия может проводиться по инициативе наблюдательного совета, ректора Предприятия, уполномоченного органа соответствующей отрасли за счет средств Предприятия.».

Ректор Орсариев А.А.________________